

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласынан 18 км солтүстік-шығысқа қарай орналасқан № 05-083-053 есеп кварталы жер учаскелерінің тұстамасындағы "DRIVEN FORCE company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сұрап отырған Стрежная өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 434 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 желтоқсанда № 6421 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласынан 18 км солтүстік-шығысқа қарай орналасқан № 05-083-053 есеп кварталы жер учаскелерінің тұстамасындағы "DRIVEN FORCE company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сұрап отырған Стрежная өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласынан 18 км солтүстік-шығысқа қарай орналасқан № 05-083-053 есеп кварталы жер учаскелерінің тұстамасындағы "DRIVEN FORCE company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сұрап отырған Стрежная өзенінің су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Риддер

қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

Қ. Баймағамбетов

2019 жылғы "___" _____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің

2019 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 434 қаулысына

қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласынан 18 км солтүстік-шығысқа қарай орналасқан № 05-083-053 есеп кварталы жер учаскелерінің тұстамасындағы "DRIVEN FORCE company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сұрап отырған Стрежная өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, , км	Ауданы, , га	Ені, м	Ұзындығы, , км	Ауданы, , га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
№ 1 қарастырылатын тұстама шегіндегі Стрежная өзені (оң жақ жағалау)	1,53	6,47	72-160	1,46	2,41	6-55

№ 1 қарастырылатын тұстама шегіндегі Стрежная өзені (сол жақ жағалау)	-	-	-	0,80	0,66	5-35
№ 2 қарастырылатын тұстама шегіндегі Стрежная өзені (оң жақ жағалау)	0,49	1,27	52-76	0,50	0,50	3-35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК